ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті
№59 (224), қараша, 2024 ж.

Кеше және бүгін: Мал шаруашылығы қалай дамуда? 9
Заң мен тәртіп – қоғам темірқазығы 11
Турар Рыскулов: о государственной деятельности в финансовом комитете 14

# ӨНЕРКӘСІПТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ – ICITE-2024

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Өнеркәсіптік технологиялар және инжиниринг – ICITE-2024» ХІ халықаралық конференция басталды. «Бейбітшілік және даму үшін» Дүниежүзілік ғылым күніне арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияға 20-дан аса шет елден, атап айтсақ, Малайзия, Қытай, Ұлыбритания, Италия, Германия, Болгария, Польша, Литва, Түркия, Ресей, Беларусь, Украинадан, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге де шет елден 100-ге тарта белгілі ғалымдар қатысты.



Университеттің Басқарма төрағасы-ректордың м.у.а. Гани Бесбаев қатысушыларға алғысын білдіре отырып, конференцияның маңыздылығына тоқталды. Ұлттық Ғылым академиясының академигі, х.ғ.д., профессор, өнертапқыш, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдуәлі Баешов, т.ғ.д, профессор Дария Кожамжарова, Менделеев атындағы Ресей химия-технология университетінің ректоры Е.В.Румянцев, Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің ректоры С.М.Турабджанов, Путра Малайзия университетінің PhD доктор, профессор Назми Бин Мат Нави, «ҚазАзот» АҚ директорының өндіріс бойынша орынбасары, бас инженер Д.Жұмабеков құттықтау сөз сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Конференция аясында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік университеті және Дмитрий Иванович Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті арасында химиялық технология бойынша академиялық хаб құру туралы Меморандумға қол қойылды.

Екі күнге созылатын конференцияның пленарлық отырыстарында медицина және биотехнология, химиялық технология, құрылыс және құрылыс материалдары, агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсібі технологиялары, механика, экология және табиғи ресурстарды рационалды қолдану, жаңартылатын энергия көздерін және энергия үнемдейтін технологияларды, IT технологияларды пайдалану салаларындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері талқыланды.



# АЛТЫ АЛАШТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛЫ





Әуезов университетінде «Алты Алаштың қайсар ұлы – Тұрар Рысқұлов» атты тарихи танымдық кеш өтті. Игі шара көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Іс-шараның өтуіне М.Әуезов атындағы ОҚУ Ақпараттық білім беру орталығы, Мәдениет және өнер факультеті, Сәулет, құрылыс және көлік факультеттері мұрындық болды.

Тарихи танымдық кеште саналы ғұмырын ұлтына арнаған Тұрар Рысқұлов туралы арнайы сахналандырылған көрініс ұйымдастырылды. Университеттің Басқарма Төрағасы – ректоры Ғани Бесбаев шарада арнайы сөз алып: – Тұрардай атпал тұлғаны ұлықтау баршамызға ортақ борыш. Мемлекет қайраткерінің биыл 130 жылдығын біз ұлт болып тойлап отырмыз. Бұл баршамыз үшін де игі іс болмақ. Дана халқымыз: өлі риза болмай, тірі байымайды, - деген болатын. Сондықтан даңқты бабаның өнегелі өмір жолын бірге ұлықтайық. Мерейтой құтты болсын!» - деп атап өтті. Сонымен қатар тарихи кеште, «Мұхтартану ғылыми орталығының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент Қоңыратбаев Ордалы Молдалыұлы, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы PhD докторы Пазылов Ержан сынды ғалымдар баяндама жасап, студент жастарға тың мәлімет берді. Кеш соңында Ғани Әбзелбекұлы шарада белсенділік танытқан оқытушылар мен студент жастарға ризашылық білдіріп, алғыс хатпен марапаттады. Шара мұнан әрі студент жастардың концерттік бағдарламасына ұласты.



# УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ БІРҚАТАР ҒАЛЫМЫНА «ПРОФЕССОР» ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бірқатар ғалымдарына «Қауымдастырылған профессор» және «Профессор» ғылыми атағы берілді.

  

  

  

Атап айтқанда, Айдарова Айна Байларқызы, Бигельдиева Зарема Абдраманқызы («Басқару және бизнес» ЖМ);

*Бакирова Гулмира Абильпатташовна («Мәдениет және өнер» факультеті);

*Алметов Негматжан Шадиметович («Тарих және педагогика» факультеті);

*Сапарбекова Альмира Аманельдиевна («Химиялық инженерия және биотехнология» ЖМ);

*Бимбетова Гульмира Жанкабыловна, Жантасов Манап Курманбекович, Хусанов Жахонгир Евадиллоевич, Шуханова Жулдуз Кенжебаевна («Механика және мұнайгаз ісі» факультеті), Айкөзова Лаура Дәулетбековна, Кенжалиева Гулмира Дүйсенбаевна.

*«Механика және машинажасау» кафедрасынан Абшенов Хасен Асанбекұлына 20100 – Азаматтық инженерия ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) және Молдағалиев Арман Бердібекұлына 20100 – Азаматтық инженерия ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді. Сіздерді Әуезов универсиетінің басшылығы және ұжымы атынан ғылыми атақ алуларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



# ПРОШЛА ВСТРЕЧА ПО ВОПРОСАМ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ



В Южно-Казахстанском университете имени М. Ауэзова прошла встреча на тему профилактики правонарушений. В мероприятии приняли участие студенты, преподаватели, представители и ветераны правоохранительных органов. Организаторами выступили городская прокуратура, управление внутренней политики и по делам молодежи, а также городской молодежный ресурсный центр.






Инициатива была реализована в рамках поручения Генеральной прокуратуры Казахстана, направленного на повышение правовой грамотности среди населения. Проректор по академическим вопросам Ауэзов университета Курмангали Сарыкулов отметил важность подобных встреч для молодежи. Абдираман Аккулов, почетный сотрудник прокуратуры, поделился примерами из судебной практики и напомнил студентам о том, как важно избегать негативного влияния и делать правильный выбор в жизни. А Кайсар Калдабаев, старший помощник прокурора Шымкента, отметил рост преступности среди молодежи, особенно это касается продажи наркотиков через соцсети. Представитель надзорного органа привел примеры того, как молодые люди попадали в серьезные неприятности, поддавшись обману. Для наглядности участникам показали тематический видеоролик. Особое внимание студентов привлекло выступление Биржана Жакыпулы, известного боксера и заслуженного мастера спорта Казахстана. Он призвал молодежь вести здоровый образ жизни и отказаться от вредных привычек. В конце встречи студенты активно обсудили проблему правонарушений, задали вопросы и поделились своими мыслями.

# ТАЙЛАНД ҒАЛЫМЫ ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСУДЕ



Халықаралық ынтымақтастықты және академиялық ұтқырлықты дамыту шеңберінде, сондай-ақ тәжірибе алмасу мақсатында Әуезов университетінде профессор-оқытушылар құрамы және студенттерге Таиланд Корольдігінен шақырылған ғалым – Валайлак университетіндегі Есеп және қаржы Жоғары мектебінің доценті, PhD Трайронг Сиватдикун дәрісін бастады. Іс-шара «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің студенттері, магистранттары, докторанттары, сонымен қатар оқытушылары үшін ұйымдастырылды.

Дәріс тақырыбы – «Manuscript Preparation in Research» (Ғылыми мақалаларды баспаға дайындау) – тыңдаушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Профессор Трайронг дәріс барысында халықаралық басылымдарға арналған мақалалармен жұмыс істеудің негізгі кезеңдерін егжей-тегжейлі көрсете отырып, ғылыми басылымдарды дайындаудағы білімі мен тәжірибесімен бөлісті. Ғылыми материалдардың құрылымымен ресімделуіне қойылатын талаптарға, ғылыми журналдарды таңдауға ерекше назар аударылды. Дәрісте сонымен қатар жарияланымдарға сілтемелерді арттыру және ғылыми нәтижелерді әлемдік академиялық ортада тарату мәселелері қозғалды. Кездесуді қорытындылай келе, профессор Трайронг қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, олардың ғылыми жобаларына практикалық кеңес берді. Мұндай іс-шаралар озық тәжірибе алмасуға ықпал етеді және студенттер мен оқытушылардың кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Тәжірибе алмасу 30 қарашаға дейін жалғасады. Профессор Трайронг Сиватдхикунға университетіміздің академиялық ортасын дамытуға қосқан орасан зор үлесі үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз!



# МАШИНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАБДЫҚТАРЫ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ АРТУДА



Машина жасау бұл қазіргі заманда, экономиканы индустрияландырудың ажырамас бөлігі және мемлекеттің аса маңызды салаларының бірі. Аталған сала агроөнеркәсіптік кешен, энергетикалық және металлургиялық секторлар, көлік және басқа да негізгі салалар қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл көбінесе экономиканың материал сыйымдылығын, еңбек өнімділігін және еліміздің экономикалық қауіпсіздігін айқындайды. Индустриаландыру бағдарламасын іске асыру жылдары машина жасау саласындағы өндіріс көлемі 3 есеге жуық артып, 1 трлн теңгеден асты.



Индустрия 4.0 секілді жаңа технологиялық трендтер аясында барлық өнеркәсіп, атап айтқанда, машина жасау өндірісті автоматтандыру мен цифрландыру бойынша жоғары технологиялық шешімдерді қабылдау арқылы тиімділік пен өнімділікті арттыруға бағытталған. Машина жасау саласы жалпы алғанда экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді және сол арқылы іргелес салаларды дамыту үшін көлемді кешенді тиімділік есебінен халықты жұмыспен қамтуды арттырады. Машина жасау саласының даму деңгейіне қоғамның инновациялық дамуының жалпы деңгейі де, соның нәтижесінде халықтың тұрмыс сапасы да байланысты.Машина жасау салаларын дамытудың негізгі артықшылықтарының бірі — қуатты мультипликативті әсері. Мультипликативтік әсер экономиканың басқа салалары мен секторларында қосымша сұранысты және тиісінше жұмыс орындарын құру арқылы жалпы алғанда экономиканың өсуіне жеке саланың немесе сектордың ықпал ету дәрежесін көрсетеді. Машина жасау саласында бір жұмыс орнын дамыту ірлегес салаларда 7-8 жұмыс орнын құруға жол ашады.

Мәселен, машина жасау салаларына жататын машиналар мен жабдықтар, электр жабдықтарын, көлік құралдарын шығару экономиканың басқа салаларына мультипликативті әсер береді. Кез келген технологиялық процестің барлық кезеңдерін жеделдетуге ықпал ететін машина жасаудың өндірістік әлеуетін арттыру — бүгінгі таңда сұранысқа аса ие, стратегиялық маңызы бар, отандық экономиканы дамыту бағыттарының бірі. Машина жасауды тұрақты жетілдіру процесі инновациялық дамуды жандандырады. Осылайша, машина жасау өнеркәсіптің күрделі әртараптандырылған сегменті бола тұра, жалпы алғанда экономиканың қалған салаларына да қолайлы әсер етеді, бәсекеге қабілеттіліктің өсуіне және экономиканың күрделенуіне, техникалық прогреске және халқымыздың тұрмыс сапасының жалпы жақсаруына ықпал етеді.

Қазақстанда машина жасау салалары Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы негізгі бағыттар болып саналады. Осыған дейін, елімізді индустрияландырудың бірінші кезеңі аясында машина жасау мемлекеттік қолдау және өсімді ынталандыру бойынша басымдықтардың бірі болып белгіленді. Осы кезде 2010-2014 жылдарға арналған салалық даму бағдарламасы әрекет етіп тұрды.

Елімізді индустрияландырудың екінші кезеңін әзірлеу кезінде түрлі салалық бағдарламалар фрагменттеуді еңсеру үшін Бірыңғай мемлекеттік бағдарлама шеңберінде біріктірілді, сол арқылы индустриялық саясаттағы мақсаттарды айтарлықтай дәрежеде қайта қалыптастырды. Екінші бесжылдық қаржы секторындағы, адам ресурстарындағы, инфрақұрылымдағы, технологиялар мен инновациялардағы, интернационалдандырудың, шағын және орта кәсіпкерліктегі, өнеркәсіптік реттеудегі индустриялық дамудың жалпы жүйелік шараларын қарастырды. Бұдан өзге, өңдеуші өнеркәсіптің 14 секторында қолдауды көздейтін атаулы қолдау шаралары анықталды. Осыған байланысты барлық өңдеуші өнеркәсіпті дамыту жеке салалық бағдарламаларға бөлместен, бірыңғай бағдарлама мен шарттарға келтірілді.Қазіргі таңда Қазақстан жаңа технологиялық шешімдерді және тұтастай алғанда экономиканы ғана емес, өңдеу өнеркәсібін де дамыту жөніндегі озық әлемдік тәжірибені енгізуге ден қойған.







2023 жылдың қорытындысы бойынша машина жасау өндірісінің көлемі алғаш рет 1089 млрд астам теңгені құрады, өндіріс өсімі – 14,1%. 2019 жылы 1370 млрд теңгеге өнім өндірілді, өндіріс өсімі 20,9% құрады.

Өндіріс көлемі мыналардың артуы есебінен қамтамасыз етілді:

- автокөлік құралдары, трейлерлер мен ашық тіркемелер - 62,5%-ға;
- басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар - 22,2%-ға;
- электр жабдықтары - 8,7%-ға
- машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату - 5,9%-ға
- өзге де көлік құралдары, НКИ - 2,1%-ға.

2023 жылдан бастап Қазақстанның машина жасау өндірісінің көлемі 24 есеге артты. 10-15 жыл ішінде сала жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектер өндірісінен өнімнің соңғы түрлерін: тепловоздар, электровоздар, жолаушылар және жүк вагондары, жүк және жеңіл автомобильдер, автобустар, астық жинайтын комбайндар, сорғы жабдықтары, лифтілер және басқа да жоғары технологиялық өнімдер өндіруге көшті. Өнімнің жаңа түрлері пайда болды, атап айтсақ: локомотивтер, трансформаторлар, коммуникациялық жабдықтар, оптикалық бұйымдар, электрондық бөлшектер өндірісі, электр жарықтандыру жабдықтары өндірісі және т. б.

Бүгінде Қазақстанда автокөлік құралдарының барлық санаттары шығарылады.

2024 жылы машиналар мен жабдықтар өндірісінің көлемі 20,9%-ға артты. Машина жасау саласында 2664 кәсіпорын, 64 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді. 2019 жылы 7 жаңа жоба іске қосылды, 1080 жұмыс орны ашылды.

2024 жылы өсім 62,5%-ды құрады, 50 мыңнан астам көлік құралы шығарылды. Қазақстанда автомобиль және өзге де моторлы көлік құралдарын шығаратын 51 кәсіпорын жұмыс істейді.

Машина жасаудағы автомобиль өндірісінің үлесі 9 жыл ішінде 5%-дан 26%-ға дейін өсті. 2019 жылы 50 447 бірлік шығарылды.

Өткен жылы 13,2 млрд теңгеге 2 629 бірлік автокөлік техникасы экспортталды.

Жол картасында отандық кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету, сатып алудағы жергілікті қамту үлесін арттыру, техникалық реттеу шараларын жетілдіру, экономикалық ынталандыру тетіктерін енгізуді қамтитын қолдау шараларының топтамасы қарастырылған.

Машина жасауды дамытудың 2024 жылға дейінгі жол картасын іске асыру аясында келесі нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар қарастырылған:

1. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;

2. Тиімділікті арттыру және қосылған құнды ұлғайту;

3. Импорт алмастырудың тиімді тетіктерін енгізу;

4. Жергілікті қамтуды дамытуды қолдау;

5. Экспортты ынталандыру;

6. Еңбек өнімділігін арттыру;

7. Салаға қосымша инвестициялар тарту.

Машина жасау саласында кәсіпкерлікті ынталандыру және ШОБ-ты дамыту

Машина жасаудағы отандық ғылымды, ҒЗТКЖ, инжинирингті дамыту

ҚР-да машина жасаудың негізгі секторлары үшін құрауыштардың жаһандық өндіруші-жеткізушілерін ұйымдастыру.



Машина жасау салаларының арасында өсімнің ең үлкен серпінін автомобиль жасау көрсетіп отыр. Электр техникалық, ауыл шаруашылығы, темір жол, тау-кен және мұнай-газ машинасын жасау секторларында өндіріс белсенді дамуда. Негізінен, машина жасаудың барлық аталған кіші салалары басымдыққа ие. Жалпы алғанда, электр техникалық, ауыл шаруашылығы машинасын жасауда жаңа өндірістер ашу, автоөнеркәсіпте автокомпоненттік база өндірісі және т. б. есебінен өндірістің ұлғаюы болжануда. Елімізде мұнай-газ, тау-кен, ауыл шаруашылығы, электр техникалық машинасын жасау белсенді дамып келеді.

Негізгі отандық электр жабдықтарын өндірушілер арасында мыналарды ерекшелеп атауға болады:

- «Кентау трансформатор зауыты» ЖШС
- «Қайнар-АКБ» ЖШС
- «Алматы электр механикалық зауыты» ЖШС
- «Қазэнергокабель» АҚ
- «Келет» АҚ
- «Өскемен конденсатор зауыты» АҚ
- «Алматы желдеткіш зауыты» ЖШС
- «Казцентрэлектропровод» ЖШС
- «Сайман корпорациясы» ЖШС
- «ZHERSU POWER» ЖШС

Мәселен, орта-арнайы және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін өнеркәсіп салаларының кәсіпорындарымен әлеуметтік әріптестіктің маңыздылығы бар. Өндіріс үшін талап етілетін оқыту бағдарламасын жоспарлау мен тығыз ынтымақтастық орнату еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптер бойынша кәсіптік білім беру мен даярлаудың сапасын арттыруға жол ашады.

**Жусупова Жадыра Кенжебекқызы,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі Машина жасау технологиясы пәнінің оқытушысы**



# МАШИНА ЖАСАУ – ЕЛІМІЗДЕ ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІПТЕ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП ЖАТҚАН САЛА



Елімізде шағын және орта бизнесті қолдау қажет. Ол үшін толыққанды шаралар қабылдау керек. Бизнес ортаның дамуы баршаға тең болуы тиіс. Қазақстанда ірі компаниялар бар. Біздің машина жасау кәсіпорындары шығарған құрал-жабдықтар сұранысқа ие болуы тиіс. Осы мақсатқа жету үшін жаңа ұранға сәйкес ғылымды дамытып, одан әрі инновацияны келтіру үшін жаңа технологияларды кіргізу керек. Ол үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жалғастыруымыз керек, біз соны қайта жаңғыртуды ұсындық, – деді Өмірсерік Ержанов ОКҚ-дағы брифингте.

Оның сөзінше, бұл дамудың негізгі факторына айналады. Өйткені технологияны жаңғыртпасақ, инвестор келмейді, өзіміз де дами алмаймыз, өндірілген өнімнің сыртқа шығуы түгілі, ішкі нарықта да өтуі қиын болады. Сондықтан бұл басты міндет болуға тиіс.Келесі мәселе – сала үшін әрі ұзақ уақытқа, әрі арзан қаржы көздерін табу. Барлық қаржы орталықта, оны әркімнің қол жетіп алуға шамасы жоқ. Осы қаржының қолжетімділігі мәселесін шешу үшін Қазақстан даму банкі төрт өңірде филиал ашуға ниетті, – деді машина жасаушылар одағының өкілі. Сонымен қатар спикер машина жасау кәсіпорындары үшін офтейк шарттарының тиімділігі туралы айтты. Машина жасау кәсіпорындары осы шарт аясында 3-5 жылға тапсырыс алса, өзінің жоспарын жасап, өзіне жаңа құрал-жабдықтар алады, жаңа жұмыс орындарын ашуға ұмтылады және жұмыс істеп жүрген жастарды шетелге жіберіп, оқытып, өзінің технологиясын дамыта алады, деп түйіндеді спикер.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мәліметі бойынша, бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы құрылымындағы машина жасау саласының үлесі – 1,5%, ал өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі – 13%. Қазіргі уақытта салада 3,8 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, жұмыспен қамтылғандар саны 118 мыңнан асады.Жалпы машина жасау саласы – өңдеуші өнеркәсіпте-

Кеңестік кезеңде саяси құжаттар мен экономикалық жарияланымдарда «әлеуметтік-экономикалық үйе» және «әлеуметтік-экономикалық саясат» деген терминдерді көп қолданды. Сол арқылы экономикалық дамудың әлеуметтік мәнін атап көрсетпек болды. Экономикалық жүйенің барлық қырларын – экологиялық, аумақтық, әлеуметтік және басқа жақтарын да кешенді түрде алып қараудың маңызы зор. Нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңде экономикалық жүйені ішкі екі жүйе: макродеңгей мен микродеңгей түрінде түсіну кеңінен таралды. Осы тұрғыдан алғанда макродеңгей республикалық заң шығарушы және атқарушы органдар және жергілікті билік органдары ретінде түсінілді. Микродеңгей түрлі салалар ретінде ұғынылды. Микродеңгей сонымен қатар меншік нысандары тұрғысынан түрлі ұйымдық-құқықтық нысандардың жиынтығы ретінде, яғни ірі, орта және шағын бизнестің жиынтығы ретінде де зерделенуі мүмкін. Кез келген басқа жүйе сияқты экономикалық жүйе оның құрамдас нышандарының арасындағы байланыстармен сипатталады. Бұл байланыстар объективті экономикалық заңдардың әсерімен қалыптасады. Сонымен экономикалық жүйе – мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізу үшін теориялық тұғырнама ретінде қызмет ететін экономикалық ғылым зерттеуінің күрделі, көп деңгейлі объектісі. Экономикалық жүйеге кешенді көзқарасқа сәйкес оның жұмыс істеуі мен дамуына ықпал ететін бірнеше нышандарды бөліп көрсетуге болады.



гі ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі: егер соңғы 5 жылда өңдеуші өнеркәсіптің орташа өсу қарқыны 4,5% болса, машина жасау саласы 17,6% өсім көрсетті.

Саланы одан әрі нығайту аясында жаңа жобаларға көп көңіл бөлінеді. Мәселен, 2028 жылға дейін 1,7 трлн теңгеге 24 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 151 жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың ішінде теміржол, ауыл шаруашылығы, электр техникасы, мұнай-газ, тау-кен металлургия машинасын жасау, сондай-ақ автомобиль жасау салаларындағы кәсіпорындар бар. Атап айтқанда, 2024 жылы 218 млрд теңгеге 3,7 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 29 жоба іске қосылады деп күтіліп отыр.

Биыл ауыл шаруашылығы машинасын жасау секторында 5 мың трактор мен 900 комбайн шығарылады. Қазіргі уақытта шығарылатын техника ірі торапты құрастыруға негізделген. Сондықтан кәсіпорындардың шағын торапты құрастыру әдісіне ауысуын жоспарлап отырмыз. Секторды одан әрі дамыту ішкі нарықтың қажеттілігін толық көлемде қамтымайтын аспалы және тіркемелі техника өндірісін ұлғайтуға бағытталады, – деді министр. Теміржол машиналарын жасауды дамыту нарықты локомотивтермен, жүк және жолаушылар вагондарымен толықтыру міндеттерін шешуге бағытталатын болады. Бұл Швейцария (Stadler), АҚШ (Wabtec) және Франция (Alstom) инвесторларымен бірлесе жүзеге асады. Мысалы, Stadler 2030 жылға дейін арба, вагонның дәнекерленген шанағы, климаттық қондырғы сияқты отандық компоненттерді пайдалана отырып, жаңа заманауи жолаушылар вагондарының 500 бірлігін, сондай-ақ интерьер, экстерьер, электр жабдықтарының 20 элементін шығарады. ЗИКСТО жайлылығы жоғары 307 жолаушылар вагонын шығаратын болады. 2030 жылға дейін теміржол машина жасаудың барлық бағыттары бойынша жергілікті қамту ұлғайтылады.



Автомобиль жасау саласына келетін болсақ, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ішкі нарықта 150 мың автомобиль сатылды, оның 103 мың бірлігін отандық компаниялар жасап шығарған болатын. Осы жыл автомобиль өндірушілеріне қатысты саясатты қайта қарау тұрғысынан маңызды. Бұл секторда біздің алдымызда 3 міндет тұр.

1) шығарылатын автомобильдер қатарын кеңейту. Қазіргі таңда екі автомобиль зауыттың құрылысы жүріп жатыр.

2) шағын торапты құрастыруды дамыту. Ол үшін біз автокөлік өндірушілеріне Көлік құралдарын оқшаулау және шағын торапты құрастыруға көшу үшін талаптарды күшейту бойынша шаралар қабылдап жатыр.

3) компоненттік базаны құру. Бүгінде доңғалақ дискілерін, аккумуляторларды шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді, оларды отандық автомобильдерге орнату үшін омологация процесі өткізілуде.

Оқшаулау деңгейін тереңдету шеңберінде автомобиль орындықтарын, мультимедиялық жүйені, қаптамаларды, шашыратқыштар мен шиналар сияқты автокомпоненттік базаны дамыту жоспарланып отыр. Ол үшін тиісті өндіріс орындарының құрылысы басталды.Елдегі электротехникалық машина жасау секторында Alageum Electric нарықтың қажеттілігін толығымен қамтамасыз ететін трансформаторларды шығарады. Қазнергокабель, Еуразкабель сияқты кәсіпорындар нарықта сұранысқа ие кабельдік өнімдерді жеткізеді.

Сектордың тағы бір маңызды бағыты – тұрмыстық техника өндірісі. Қазіргі уақытта «Алматы тұрмыстық техника» компаниясы Dauscher (Даушер) брендімен теледидарлар, электр плиталары мен пештер шығаруды жолға қойды. Мысалы, биыл Қарағанды облысының Саран қаласында тұрмыстық техника бойынша жобаны іске асыру жоспарланған. Бұл саланың дамуына серпін беріп қана қоймай, моноқаланың жандануына өз үлесін қосады.Тұрмыстық техника бойынша Еуразиялық экономикалық одақ нарығының әлеуеті шамамен 11 млрд долларды, ал Қазақстан нарығының әлеуеті 1 млрд 200 млн доллар.Жобаларды іске асыру кезінде біз ішкі нарықты 250 млн долларды құрайтын өнімдермен толықтырып, 100 млн доллардан астам сомаға экспортты арттыруды көздеп отырмыз, — деді министр. Мұнай-газ және тау-кен металлургиялық машина жасау секторларында сорғылар мен компрессорларды, клапандарды, бекіту арматурасын, гидравликалық және пневматикалық жабдықтарды шығару бойынша қуаттар бар, алайда жер қойнауын пайдаланушылардан тапсырыстардың болмауы кәсіпорындардың әлеуетін тежейді. Мәселен, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында



машина жасау тауарлары 54%-ды алады. 2019 жылдан 2022 жылға дейін машина жасау тауарларын сатып алу көлемі 8%-ға ұлғайды, алайда жергілікті қамту үлесі 12,6%-дан 9,9%-ға дейін азайды.

2024 жыл қорытындысы бойынша мұнай-газ және тау-кен металлургия машинасын жасауының жалпы импорты 1 млрд 600 млн доллар және 1 млрд 100 млн доллар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан машина жасаушыларының XI форумының қатысушыларына жолдаған сәлемдемесінде саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру керегін айтқан болатын.

Қазақстандағы машина жасау саласы жылдан жылға еңсесін тіктеп, етек-жеңін жиып келе жатыр. Сөзімізге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл саланы ел экономикасының дамуы жолында қомақты үлесі бар деп бағалауы да дәлел бола алады. Индустрияландыру жылдарында машина жасау өндірісінің көлемі 6 есеге өсіп, 2021 жылы 2,3 трлн теңгені құраған. Соңғы үш жылдағы өсім орташа есеппен 20 пайызға жетіпті. Қазақстандық машина жасау саласының басымдықтарының бірі – теміржол машина жасау саласы. Оған анық дәлел – шетелдік тікелей инвестицияның тартылуы.

«Біздің зауыт General Electric Transportation технологиясы бойынша локомотив құрастырумен айналысатын Орталық Азиядағы жалғыз зауыт. Қазірге дейін біздің зауыт 450-ден астам локомотив құрастырып шығарды. Алты елге экспорттай алдық, олар – Қырғызстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Украина және Молдова. Зауыт жас екеніне қарамастан экспорттық әлеуетіміз жоғары. Өндірісті дамытып жатырмыз. Биыл 43 локомотив құрастыру жоспары тұр. Соның 14 бірлігі ғана қалды. Біз оны жыл соңына дейін жасап бітіреміз. Зауыт құрылғалы бері «Қазақстан темір жолы» немесе басқа да сатып алушылар алдында ұятқа қалған емес», дейді «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ президенті Марат Тілеубаев.

Зауыт келесі жылы 90 локомотив шығаруды жоспарлап отыр. Акционерлер биыл зауытқа 2,5 млрд доллар көлемінде инвестиция құйған. Сол себепті өндіріс екі есеге артпақ.«Отандық машина өндірушілерге жайлы жағдай жасау үшін мен мынадай шараларды ұсынамын. Оның біріншісі – қазақстандық өндірушіден локомотив сатып алу үшін жеке тасымалдаушыларға жеңілдетілген несиелеу ұсыну, несие мөлшерлемесі бойынша сыйлықақы ставкасын субсидиялау. Екіншіден, біздің елде кез келген локомотив Транспорттық бақылау комитетінде тіркеледі. Сол тіркеуге дейін локомотивтің қаншалықты сенімді екенін, қауіпсіз екендігін анықтап, қарап, бағалайтын қабылдау комиссиясын құру керек. Егер расымен шетелден импортталған локомотив біздің локомотивтерден мықты болса, онда сөз жоқ, сатып ала берсін. Егер олай болмай шықса, онда бүкіл жылжымалы құрамды тіркеп жібермеудің алдын алар едік», деп өз ұсынысын да білдірді зауыт басшысы.«Ростсельмаш» директорлар кеңесінің төрағасы Константин Бабкин «ҚазРостИнжиниринг» компаниясымен және Қазақстандық агроинновациялық корпорациямен бірлесіп 5 комбайн моделін, 4 трактор моделін локализациялағанын атап өтті.«Келер жылы тағы бір трактор моделін әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Біздің компаниямыз белсенді дамуда. Біз үшін Қазақстан басым нарық саналады және машиналарымызды қазақстандық серіктестерімізге ұсынатын боламыз», дейді К.Бабкин. Қазақстан машина жасаушылар одағының төрағасы Мейрам Пішембаевтың айтуынша, тап қазіргі кезеңдегі басты міндет – импорт көлемін төмендету. «Жалпы алғанда, машина жасау саласы – кез келген ел экономикасындағы индустриялық қуаттың басты көзірі. Бұл салаға әлемдік өнеркәсіптік өндірістің 40 пайызы тиесілі. Қазақстан өнеркәсібіндегі машина жасау үлесі 7 пайыздан аспайды. 2021 жылы тауар импорттаудың жалпы көлемі 41 млрд долларды құрады. Соның 17 млрд доллары, яғни 41 пайызы – машина жасау өнімдері. Соңғы 10 жылда өндіріс көлемін 370 млрд теңгеден 2 жарым трлн-ға дейін жеткізе алдық. Ендігі мақсат – импорттан барынша алыстау», деді одақ басшысы. Бұл салада 3 мыңдай





кәсіпорын бар және оларда 115 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Саладағы ең ірі сектор – автомобиль құрастыру (33,1 пайыз). Жуық арада елімізде жиналатын модельдер саны арта түспек. Сонымен қатар автокомпоненттер (бампер, орындық, терезе, пластик бөлшектер, дөңгелек) өндірісінің де аясы кеңейеді деген жоспар бар.

Біз машина жасау өнеркәсібіне инвестиция салуға қолайлы жағдай жасап, оның бәсекеге қабілетін арттыруымыз керек. Сол үшін менің тапсырмаммен Кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Онда көрсетілген іс-шаралардың табысты жүзеге асырылуы осы саланың тың қарқынмен дамуына және еліміздің өркендеуіне барынша ықпал етеді деп сенемін. Өз өндірісімізді жандандыру, терең өңделген өнімдерді көбірек шығару және біртіндеп сыртқы нарықтарға шығу – біздің басты міндетіміз. Сіздер бұл міндетті абыроймен орындай алатындарыңызға сенімдімін, - делінген Президенттің құттықтау сөзінде.

**С.Б Қыдырбай, М.А.Пиртаева,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі,**
**Машина жасау технологиясы мамандығының оқытушылары.**



Мал шаруашылығы — ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы. Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет, т.б.), жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.), ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік (ат, өгіз, түйе, т.б.) және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Ал оның өнімдері мен қалдықтарынан мал азықтары (майсыздандырылған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары, т.б.), дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді (активті) заттар (емдік сарысулар, гормонды қосылыстар, т.б.) алынады.

# КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН: Мал шаруашылығы қалай дамуда?

Қазақ жері — мал шаруашылығы қалыптасқан ең көне аймақтардың бірі. Жабайы жануарларды қолға үйрету неолит дәуірінен басталды. Ең алғаш қолға үйретілген үй жануарлары — қой мен ешкі. Қойдың арғы тегі — арқар (муфлон), ал ешкінікі — таутеке. Қой мен ешкі мөлшермен б.з.д. 8—7-мыңжылдықтарда қолға үйретілген деп есептеледі. Осы кезге жататын Жерорта теңізі маңайындағы тұрақтарда қой мен ешкінің сүйегі табылған.

Сиыр тұқымының дәл қай жерден шыққаны әлі анықталмаған. Дегенмен де қолға үйретілген сиырдың да ең көне заманғы сүйегі б.з.д. 7-мыңжылдыққа жатады, ол Оңтүстік Анадолы жерінде (Түркия) табылған. Б.з.д. 6—5-мыңжылдықта Месопотамия жерінде мал шаруашылығы болғандығы бүгінде дәлелденген.

Мал шаруашылығының тарихы осыдан 10 мың жылдай бұрын жабайы жануарларды қолға үйрету кезеңінен бастау алады. Алғашқыда мал шаруашылығы табиғи сипатта дамығандықтан малдардың өнімділік бағыттары мен тұқымдары санын ұлғайтуға жеткілікті жағдайлар болмады. Мал тұқымдарын шығарудың қарқын алуы мал шаруашылығы өнімдерін өндіру тауарлары сипат алған капиталистік қатынастардың өркендеуімен тығыз байланыста жүрді. Мыңдаған жылдық тарихы бар мал шаруашылығының Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуындағы орны ерекше болды. 20 ғасырдың басына дейін адамдардың әл-ауқаты мен тұрмыс тіршілік деңгейі түгелге жуық мал шаруашылығының өркендеу деңгейімен анықталды. Қазақстан жерінде мал шаруашылығы ежелден жайылым ауыстырып отыруды талап ететін көшпелі жүйе бойынша дамығандықтан негізінен қой, ешкі, жылқы және түйе өсірілді. Салыстырмалы түрде күтімді және құнарлы азықтарды көп қажет ететін сиырдың кеңінен таралуы, сондай-ақ, қазақ халқы төрт түлік мал санатына қоспайтын шошқа өсірудің қолға алынуы 19 — 20 ғасырларда Ресейден орыс шаруаларының қоныс аударып келе бастауымен тығыз байланысты. Сол кездерде Орталық Қазақстан аймағындағы мал шаруашылығы ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижесі мал түрлері үлес салмағының төмендегідей болғандығын көрсетті.

Қазақстанда 19 ғасырдың соңына дейін негізінен қой, ешкі, түйе және жылқы түліктері өсірілуінің бірнеше басты себептері бар: жер аумағының 70%-ға жуығын (182 млн. га) осы малдарды өсіру арқылы тиімді пайдалануға болатын жайылым алқаптары алып жатты; айтылған малдар жергілікті табиғат жағдайларына барынша бейімделді, жыл бойына дерлік жайылым азығын пайдаланып өсіп-өнді, сонымен бірге, жергілікті халық олардың өзіндік құны төмен және зор сұранысқа ие өнім түрлерін өндіру мен оларды өңдеудің тиімді технологияларын (ет, май, сүттен, тағам, жүн, теріден киім-кешек, көшпелі баспана —киіз үй жасау) жақсы меңгерді. Әр түрлі аймақтардағы мал шаруашылығының дамуы мен түлік түрлерінің үлес салмағына нақты аудандардың жер, су, ауа райы ерекшеліктері үлкен әсерін тигізеді. Сиыр өсіру әуелден-ақ топырағы құнарлы, шалғынды аймақтарда нәтижелі жүргізілсе, шөл және шөлейт жерлерде малдың негізгі бөлігін (80%-дан аса) уақ малдар (қой, ешкі) құрады.

Қазақстанда 1916 жылы 18,4 млн. бас қой мен ешкі, 4,3 млн. жылқы, 733 мың түйе, 5,0 млн. бас сиыр өсірілді. 1918 — 21 жылы Азамат соғысы мен бірнеше рет қайталанған жұт нәтижесінде мал саны 1916 жылмен салыстырғанда 3 еседен аса төмендеді. 1923 — 29 жыды аралығында ауыл шаруашылығын игеруге бағытталған жан-жақты шаралар барысында мал саны қайтадан 1916 жылғы деңгейге жеткізілді. Алайда, 1930 — 33 жылы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру науқанында жіберілген өрескел қателіктер салдарынан мал басы 10 еседен аса қысқарды. Республика мал шаруашылығын қалпына келтіруде 1932 жылы Орталық комитет қабылдаған “Қазақстан мал шаруашылығы туралы” шешімінің маңызы зор болды. Әрбір отбасыға 100-ге дейін қой-ешкі, 8 — 10 сиыр, 3 — 5 түйе мен 8 — 10 жылқы ұстауға рұқсат берілді.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы мен өндірісті жоспарлы түрде дамыту, жаңа жерлерді игеру және отырықшылық өмір салтының берік орнығуы мал шаруашылығының жаңа бағыттары — сүтті және етті мүйізді ірі қара мал шаруашылығын, биязы және биязылау жүнді қой шаруашылықтарын, қаракөл қойы шаруашылығын өркендетуге кең жол ашты. 1934-90 жылы аралығында ұжымдық және кеңестік шаруашылықтар жұмысының жүйелі ұйымдастырылуы Мал шаруашылығының барлық салаларын айтарлықтай жоғары қарқында дамытуға мүмкіндік берді. 1990- 92 жылы Қазақстанда малдың 51, оның ішінде 18 қой, 11 мүйізді ірі қара, 13 жылқы, 3 түйе тұқымдары мен тұқымдық топтары өсірілді. Олардың жартысына жуығы 12 қой, 4 сиыр және 3 жылқы тұқымы Қазақстан ғалымдары мен Мал шаруашылығы саласы мамандарының бірлескен жемісті еңбегі нәтижесінде шығарылды. Осы мал тұқымдарының гендік қорын тиімді пайдалану, зоотехникалық талаптарға сай азықтандыру мен бағуға негізделген технологиялардың кеңінен қолданылуы жыл сайын 1,5 млн. тонна ет (сойыс салмағымен), 5,5 млн. тонна сүт, 100 мың тонна (табиғи) жүн және 1700 мың данаға жуық қаракөл елтірісін өндіруді қамтамасыз етіп келді. 1990 — 2000 жылы ауыл шаруашылығын реформалауда жіберілген кемшіліктер салдарынан мал саны күрт кеміді, оның ішінде сиыр 2,4, қой мен ешкі 3,7, жылқы 1,7, түйе 1,5 есеге азайды. Нәтижесінде негізгі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі 2,5 — 3,0 есеге дейін қысқарды.

Бұл ауыл халқының әлеуметтік жағдайының күрт нашарлауына алып келді, республика бойынша жан басына шаққанда ет және ет өнімдерін тұтыну мөлшерінің 73 кг-нан 40 кг-ға, сүт және сүт өнімдерінің 311 кг-нан 208 кг-ға дейін төмендеуіне әкеліп соқты (ғылыми негізделген мөлшерден 2 еседей аз). Ел экономикасының тұрақталуына байланысты, 2000 жылдан бастап Мал шаруашылығында оңды өзгерістер орын ала бастады. 1999 -2000 жылдармен салыстырғанда (3-кесте), 2004 жылы сиыр 24,0 -22,7%-ға, оның ішінде аналық сиырлар 16,0 -15,4%-ға, қой мен ешкі 16,0- 15,4%-ға, жылқы 5,4 -7,2%-ға, түйе 18,0 — 17,6%-ға көбейді. Бұл ретте ірі қарамен (сиыр, жылқы, түйе) салыстырғанда, уақ малдар саны (қой, ешкі) 20 ғасырдың 90-жылдарының басында тез кеміген болса, ал қазір қарқындырақ артып отырғандығы байқалады. Бірінші жағдай реформаның алғашқы жылдарында уақ малдың баспа-бас есеп айыру құралы ретінде қолдануға тиімді болғандығымен, ал екінші жағдай олардың өсімталдық қасиеттерінің жоғарылығымен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта барлық сиырдың 87,3%-ы жеке меншікте, 6,2%-ы шаруа қожалықтарында, 6,5%-ы мемлекеттік ауыл шаруашылығы мекемелерінде жинақталған. Бұл көрсеткіштер қой мен ешкі түліктері бойынша 80,2; 12,3 және 7,5%-ға, жылқы түлігі бойынша 83,8; 10,6 және 5,6%-ға, түйе түлігі бойынша 75,7; 11,3 және 13,0%-ға сәйкес келеді. Ауыл шаруашылығы мекемелерінің шаруа қожалықтарына (ӨК, АҚ, т.б.) бөлінуінің артықшылығы ретінде 2000 жылдан бастап жеке және шаруа қожалықтарында орынсыз мал шығынына жол берілмеуі нәтижесінде соңғы 3 — 4 жылда түлік түрлері бойынша мал санының орташа өсімі 3 — 10%-ға, ет, сүт өнімдерін өндіру 3 — 6,5%-ға тұрақты артып келеді.[3]

Бүгінгі таңда әр елдің ұлттық өндірістері негізінде дүниежүзілік біртұтас тауарлы ауыл шаруашылығы қалыптасып келеді. Өндірілген жалпы өнім мөлшері жөнінен Қытай, АҚШ, Жапония, Аустралия сияқты елдер жетекші орын алады. Жан басына шаққанда ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етілу дәрежесі жөнінен Батыс Еуропаның дамыған елдері мен Канада, АҚШ, Жапония және Аустралия ерекше көзге түседі. Дамушы елдерде бұл керсеткіш өте төмен, тіпті жалпы өнімді аса көп өндіретін Қытай мен Үндістанда ол Канада және АҚШ-пен салыстырғанда 5—6 есе төмен.[1]

Сол себепті ауыл шаруашылығының алдында әлі де оңтайлы шешімін таппаған мәселелер баршылық. Ең бастысы — халықты сапалы, құнарлы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету; айналадағы ортаны ластанудан қорғау және табиғат байлықтарын пайдалануды, жетілдіру.

Статистика мәліметтеріне қарасақ, жалпы мал шаруашылығы саласы Қазақстанда тұрақты қарқынмен дамып келеді. Соңғы 5 жылда шаруашылықтардың барлық санатында сиыр етін өндіру 56 мың тоннаға немесе 11,7%-ға артты (2018 жылғы 477,4 мың тоннадан 2024 жылы 555,2 мың тоннаға дейін). Нәтижесінде бүгінгі таңда сиыр етімен қамтамасыз ету 102%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігі үш жылдық кезеңге арналған Етті мал шаруашылығын дамытудың жол картасын әзірлеп жатыр. Құжатқа экспортқа бағдарланған заманауи ет комбинаттарын, мал салмағының тәуліктік орташа өсімін арттыруға және жоғары салмаққа қол жеткізу кезеңін қысқартуға ықпал ететін заманауи технологияларды пайдалану негізінде ірі қара мал өсіретін бордақылау алаңдарын құру шараларын енгізу жоспарланып отыр.

Жем-шөп базасы, оны дайындауға арналған техника, бір уақытта 3 мың бас малды бордақылауға мүмкіндік беретін алаң бар, оның ішінде 1,8 мың төлдейтін мал басы бар. Мал бордақылау алаңын 10 мың басқа дейін ұлғайтуды, ет комбинатын жаңғыртуды, өнімді терең өңдеу технологиясын енгізуді және асыл тұқымды репродукторды 7 мың басқа дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Біз дамыған елдердің озық тәжірибесін енгізуге және сол арқылы Қазақстанда ет өндірісін арзандатуға дайын адамдарды қолдайтын боламыз. Пилоттық жобаларда жаңа әдістерді сынақтан өткіземіз. Қазір бізге ауқымды бағдарламалар емес, кейін ел бойынша енгізуге болатын табысты модельдер қажет. Бірақ әр жоба өңірлерде, «Атамекен» ҰКП-да қаржылық тұрақтылық, іскерлік бедел, қаржы институттарының барлық талабына және басқа да параметрлерге сәйкестігі тұрғысынан мұқият тексерістен өтеді». Кеңес өкіметі кезінде қазақ даласындағы мүйізді ірі қараның саны 9 миллионға жетіп, өзімізден артылған өнім одақтас республикаларға да шығарылған-ды. Қазір мүйізді ірі қара саны 6 миллионға жуықтайды. Мал басын көбейтуге әрі сапасын жақсартуға аграрлық секторды қаржылай қолдау ұйымдары біршама тиімді жағдай жасап отырғанын айта кету керек. Мәселен, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несие беріп келе жатқанына бірер жылдың жүзі болып қалды. Биылғы қаңтар айында ғана қор 1,2 мың бас ірі қара мен 3,2 мың бас ұсақ мал сатып алуға жалпы сомасы 1,3 млрд теңгені құрайтын 42 несие беріпті. Ал өткен жылы қор 15,6 млрд теңге көлемінде 679 өтінімді қанағаттандырған. Бөлінген қаражат 23,8 мың бас асыл тұқымды ірі қара мен 75,4 мың бас ұсақ мал сатып алуға жұмсалған. Бүгінде шаруашылықтарға шетелдерден 9,3 мың бас ірі қара жеткізілген.Мысалы, Батыс Қазақстан облысында орналасқан «Арғымақ» шаруа қожалығы Ресейдің Тамбов облысында 60 симментал тұқымды сиыр сатып алды. Бұған дейін шаруашылықта 100 жылқы және еділбай тұқымының 700-ге жуық қойы болған. Енді шаруашылық басшылары тиімді мал шаруашылығын кеңейтуге назар аударды. Жазға қарай асыл тұқымды малдан алғашқы төл алынуға тиіс.

Сол сияқты, Ақмола облысындағы «Ел-Хан» шаруа қожалығы Бұланды ауданына 100 ангус сиырын әкелді. Қожалыққа 60 сиыр мен жаңа «Беларусь» тракторын сатып алуға қор қаражаты жұмсалды. Айта кету керек, бұл мал «Терра» ЖШС-нен сатып алынған. Аталған мал бордақылау алаңы АҚШ-тан американдық ангустарды әкеліп, сапалы жас төл алды. Қазір асыл тұқымды мал жергілікті шаруашылықтарға сатыла бастады.

– Шетелде мал сатып алған шаруашылықтар мемлекеттен субсидия алады. Мемлекет мал басына ұлттық валютаға шаққанда 225 мың теңгеден береді, – дейді «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несие департаментінің директоры Г.Бааль. – Мемлекет тарапынан қолдаудың тағы бір тетігі – шаруашылықтарға бұқаларды бордақылау алаңына тапсырған кезде тірі салмағының әр килограмына 200 теңгеден субсидия төленеді. Қазір елімізде өндірілген жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 45%-ы – мал шаруашылығының үлесінде. 2017 жылдан бері агроөнеркәсіп кешенін дамыту шеңберінде мал шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды субсидиялауға шамамен 30% немесе 35,9 млрд теңге бөлінген көрінеді.

Елімізде жыл басынан бері 16 тауарлы сүт фермасы пайдалануға берілген. Бұл туралы Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Президенттің сүт пен құс еті бойынша импортқа тәуелділікті азайту жөніндегі тапсырмасы қалай орындалып жатқаны жөніндегі есебі барысында баяндады. Министрдің айтуынша, биыл сүтті мал шаруашылығында қуаттылығы 65 мың тонна сүт болатын 373 тауарлы сүт фермасын енгізу жоспарланған. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 100 млрд теңге бөлінген екен. «Бірінші жартыжылдықта қуаттылығы 16 мың тонна сүт болатын 67,2 жоба пайдалануға берілді. Бұл үшін асылтұқымды мал сатып алынды. Жалпы, биыл агроөнеркәсіп кешеніне 1,7 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланған. Осы жылдың 6 айда шамамен 410 млрд теңге инвестициялық жобалар қаржыландырылғаны белгілі болды.

Бүгінде аймақтарға мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінеді. Есепті кезеңде ауыл шаруашылығында 220,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 3,7%-ға артқан. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 19,7%-ға, тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 14,3%-ға артып отыр. Былтыр ауыл шаруашылығы саласына 18,2 млрд теңге қарастырылған болса осы жылы 24,9 млрд теңге бөлінуде.

Бүгінде аймақтарға мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінеді. Есепті кезеңде ауыл шаруашылығында 220,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 3,7%-ға артқан. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 19,7%-ға, тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 14,3%-ға артып отыр. Былтыр ауыл шаруашылығы саласына 18,2 млрд теңге қарастырылған болса осы жылы 24,9 млрд теңге бөлінуде.

«Біз дамыған елдердің озық тәжірибесін енгізуге және сол арқылы Қазақстанда ет өндірісін арзандатуға дайын адамдарды қолдайтын боламыз. Пилоттық жобаларда жаңа әдістерді сынақтан өткіземіз. Қазір бізге ауқымды бағдарламалар емес, кейін ел бойынша енгізуге болатын табысты модельдер қажет. Президент тапсырмасына сай алдағы жылдары 115 тауарлы сүт фермасы салынады деген жоспар бар. Бұл сүт өндіру көлемін 600 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ жылына 120 мың тоннадан астам ет өндіретін 15 ірі құс фабрикасын пайдалануға беремек екенбіз. Осылайша, алдағы бес жылда Қазақстанның агросекторында жалпы сомасы 2,7 триллион теңге болатын 900-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. «Мал өссе мұрт майланады» демекші, елдің ауыл шаруашылық әлеуетін арттыру, оның ішінде мал шаруашылығының өнімділігін өсіру ең басты міндет болып отыр.

**Ж Исмаилова, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі Ветеринария мамандығының оқытушысы**

Хаммурапи заңдары — Вавилон заңдарының жинағы. Бұл заңдар Хаммурапи патшалық еткен кезде, шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 1760 жылы қабылданған. Хаммурапи заңдары Ежелгі Шығыстағы құл иеленушілік құқықтың аса маңызды ескерткіші болып есептеледі.



# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚОҒАМ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Диорит бағанға сына жазуларымен жазылған бұл заңдардың мәтіндері 1901-1902 жылдары ежелгі Эламның астанасы — Сузы қаласының орнына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған. Оны ол жерге эламдықтар әскери олжа ретінде әкелген болса керек. Хаммурапи заңдары қазіргі кезде Луврда сақтаулы тұр. Заңның неғұрлым кейінгі көшірмелерінің жұрнақтары Сузы, Ниневия, тағы басқа. Месопотамия қалаларында жүргізілген қазба жұмыстарында табылды.

Көне Римде пайда болған құқық жүйесі. Византия империясының құлауына дейін дамыған жүйе. Ежелгі Римде қалыптасқан құқықтық жүйе. Б.з.б. 2 ғасырдың басында Рим құқықтанушылары халықтық нормативтік тәжірибені жүйелеуге кірісе бастады. Осы ұмтылыстың нәтижесінде б.з.б. 2 ғасырдың соңында Квинт Муций Сцевола бүкіл еур. құқықтанудың негізі болған алғашқы бір жүйелі Рим құқығы'н жазып шықты. Рим құқығы азаматтық айналым субъектілерінің өзара теңдігі, бөтеннің мүлкіне қол сұқпаушылық, қоғамда қалыптасқан ережеге мұрсат берушілік, т.б. қағидаларға негізделді. Сондай-ақ норма тудыру ережесі, діни жоралғылар, халықтық басқару органдары (сенат, магистратура) қызметінің режимі, сот арқылы қорғану нысандары, шетелдіктермен қатынас қағидалары, азамат мәртебесінің өзгеру тәртібі, Рим азаматтығын беру және некеге тұру нормалары, мүліктік қатынас нормаларынан құралды. Әсіресе мүліктік қатынас нормалары басым болды. Осылайша басты қоғамдық қатынастарды реттейтін біртұтас құқықтық жүйе Рим билігі ықпал ететін Жерорта т. елдерінің негізгі заңына айналды. Рим құқығы' тек бүгінгі құқықтық жүйелердің негізі ғана емес, сонымен қатар құқықты дамытудың құнды тәжірибесі болып табылады. Рим құқығы әлі күнге құқықтық білімнің негізі ретінде заң тілі мен құқықтық ойдың алғышарты ретінде оқытылады.

Көшпелі қазақ елінде қазақ қауымының материалдық және рухани даулы мәселелерін, қылмысты істерінің бәрін шешетін ежелгі әдет заңы, ережесі болған. Олар көбіне билердің үкімімен шешіліп келген. Дауларды мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы деп беске бөлуге болады. Екі рулы ел жерге, жесіріне немесе ұрланған малы мен малын жоқтап қапыда қазаға ұшыраған ерінің құнын жоқтап таласқанда тоқтам айтысып, бітісер жері билер соты болған. Даулы мәселені екі рудың билері жоқтап өзара айтысқа түскенде, би әділ қазылық айтып, тоқтамға келтіріп құн кескен. Ердің құнын, нардың пұлын тауып айтқан тобықтай сөзбен бітістіру – сөз қадірін бағалай білушілік халық дәстүріне негізделген. Сөзге тоқтау, «Аталы сөзге тоқтамағанның әкесі өледі» деп сөз қадірін құдірет тұту, «Тура биде туыс жоқ» деп әділ билік айтқан билердің үкімін екі етпей, мүлтіксіз орындау парасаттылықты байқатады. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен туындаған қазылық институт, биліктөрелік айту әдеті қалыптасқан.

Барлық өзге құқықтық қағидалардың қайнар көзі болған «Әдеттің» ең басты ережесі – түркілердің жалғыз Құдайы – Алла алдында теңдігін мойындауы болды. Осыдан «қанға-қан, мертіктіруге сондай мертіктіру» деген кек алу заңы шыққан. Ежелгі Алтай адамзат мәдениетінің даму орталықтарының бірі болғаны туралы тарихшылар зерттеп дәлелдеген. Ол өзінің ұлылығымен Мысыр және Месопотамиядан кем түспеген. Алтайда әлемге көшпелі өркениет сыйлаған, кейіннен Моңғолия, Шығыс Түркістан, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ жерлерін қамтыған біздің ата-бабаларымыз – түркілер өмір сүріп, қанат жайған. Қазақстанның қазіргі аумағы және қазақ халқы осы өркениеттің тікелей мұрагері болып табылады. Бізге жеткен ең ежелгі шынайы әділеттілік ілімі Дала заңдары – «Білік», Арыс би дананың өсиеттері. Арыс би үш мыңдай жыл бұрын өмір сүрген. Оның құрметіне Оңтүстік Қазақстандағы Арыс өзенінің атауы берілген. Арыс бидің «Білігімен» немесе Даланың әдет-ғұрып құқығы – «Әдетпен» (Адат) ежелгі түркі мемлекеті – қағанат өмір сүріп дамыған.



Дала өмірінің барлық қыр-сырларын реттейтін заңдарының келесі кезеңі – қолбасшы, түркі халықтарының басын қосқан Шыңғыс ханның «Ережелер жинағы» – «Жасақ» (Яса) болды. Ол 1206 жылы жарияланған еді. «Әлемді дүр сілкіндіруші» Шыңғыс ханның жарлығы бойынша және оның басшылығымен «Жасақты» ханның әскери қолбасшысы әрі кеңесшісі Майқы би жазды.Ол – қарапайым өмірдің қағидалары мен заңдары – Білікті, билік пен мемлекет соты - Төрелікті, әскери тактика мен стратегия – Жасақты қамтыды.

«Жасақта» мемлекетті нығайтуға, соғыс жүргізуге басты назар аударылды. Бұл жерде қатаң тәртіп қажет еді. Сол себепті өзін-өзі хан деп жариялау, әдейі алдау, үш рет барынан айрылу, қашқын тұтқынды немесе құлды жасыру, соғыста жәрдем бермеу, майданнан қашу, сатқындық, ұрлық жасау, жалған куәлік беру, үлкендерге құрмет көрсетпеу секілді қылмыстарға ауыр жаза тағайындалған. Ұлы Далада 400 жылға тыныштық орнады. Қолөнер мен сауда-саттық қатынас өркендеді. Халық әр түрлі діни нанымдарына қарамай, бірбірімен тату-тәтті өмір сүрді.





XIV ғасырдың аяғында Шыңғыс хан ұрпақтары Жәнібек пен Керей Қазақ хандығын құрды. Ал 1511 жылы билік басына Жәнібектің ұлы Қасым келді. Әскери қабілеті мен халықты соңынан ерте білу дарынымен танылған Қасым хан мемлекеттің нығайып, кеңеюіне бар күшін жұмсады. Ыдыраушылықты жою үшін қатаң тәртіп пен бағынушылық қажет еді. Қасым хан жаңа мемлекетті басқару аясында «Әдет» пен «Ұлы Жасаққа» негізделген заңдар жинағын жасады. Бұл заң бес бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде жер және жесір дауына орай құн төлеу, салық төлеу мәселелері қарастырылған. Екіншіде – қылмыс пен жаза өлшемдері белгіленген. Үшіншісінде – әскери тәртіп пен оны бұзушыларға қолданылатын жаза түрі, ал төртінші бөлімде – елшілік қарым-қатынастар айқындалған. Бесінші бөлім халықтың ата-дәстүріне арналған. Ата-дәстүр мен салт-санадан алынған бұл заңның негізі қазақтарды тура жолмен жүруге шақырды. Әділдігіне орай «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған осы заң қазақ тарихындағы алғашқы заң еді.

Мемлекетті нығайтып, заң үстемдігін күшейткен келесі адам – Есім хан. Оның билігі тұсында XVI ғасырдың аяғында Қазақ хандығының жағдайы айтарлықтай күрделенді. Сырдария маңындағы қалаларға иелік ету үшін Бұхара хандығымен болған соғыс ұзаққа созылды. Қоғамда билікке деген сенім мен құрмет айтарлықтай төмендеді. Осындай жағдайда мемлекеттің ыдырауының алдын алу жолы – халықты ортақ мүддеге жұмылдыру, біріктіру еді. Есім хан халық жадында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен танымал өзінің құқықтық ережесін жасады. Бүгінде Қасым хан мен Есім ханның заңдар жинағы Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» орын алған. Дала халқы – түркілерде әрдайым білім мен даналықтың шырақшылары – билер болған. Олар ар мен әділеттілік өсиеттерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Адамдар даулы істерді шешу үшін билерге жүгінген. Билер сотты әділ түрде жүргізген. Олар тұрақты жалақы алу құқығына ие болмай, табыстары сот істеріндегі ұтыстан құралған. Шағын дауларды ру билері, ал аса күрделі істер мен аумақтық келіспеушіліктерді тайпа мен жүздер билері шешкен. Тәуке хан тұсында Билер кеңесі Қазақ хандығының ең маңызды мемлекеттік құрамына айналды. Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде – Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би төрелік етті. Тәуке хан (1680 - 1718) билік құрған кезең қазақ тарихында «қой үстіне бозторғай ұялаған заман» атымен белгілі. Үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой дала көркі еді. Кедейлер болған емес. Халық оны Әз-Тәуке, яғни даналардың данасы Тәуке деп атаған.

1885 жылы мамыр айында Шар өзені бойында Орта жүз рулары бас қосқан жиын өткізілді. Оған жүзден астам билер қатысты. Бес дуан ел бас қосқан бұл жиын 74 баптан тұратын «Ереже» қабылдады. Өкімет тарапынан негізгі жоба ұсынылса да, ол қазақтың «Есім салған ескі жолы, Қасым салған қасқа жолымен» ұштасып жатуы керек болатын.Қытай мен Моңғолияда тұратын керей тайпасының бір тармағы болып табылатын абақ керейлер ұстанған «Абақ керей ережесі» аталған құқықтық ережелер жинағы болған. «Абақ керей ережесі» Моңғолия Ғылым академиясының Тарих ғылыми-зерттеу институтының қорынан табылды. Бұл ереже «Қазақтың әдет-ғұрып құқығының материалдары» атты жинаққа 1996 жылы алғаш рет енді. Құжаттың екінші тармағында керей тайпасының билері көпшілік қауымды жинап, абақ керей қазақтары ұстанатын осы заңды жасауға ұйғарғанын жазады. Ереже қазақтың әдет-ғұрыптары мен шариғат қағидаларына негізделіп жасалған. Ереже 17 тармақтан, 35 баптан тұрады. Онда «Үйлену, некеге отыру жайында», «Жарлы-жақыбай, кедейлерге жәрдем ету, қол ұшын беру турасында», «Несие, қарыз талап ету жайында», «Бөгдені мұқату, жәбірлеу турасында» сияқты қағидалар бекітілген.

Қай елді, қай заманды алсаңыз да, сот жүйесіне қарап, қоғамдағы билік жайы, оның халық мүддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Міне, осыларды саралай келгенде айтарымыз, ежелгі дәуірден бері жалғасып келе жатқан билер дәстүрі заман өзгерген сайын, өзгеріп, жаңарып отырғанымен, негізі, міндет-талаптар сол қалпында қала бермек.Далалықтарға, яғни қыр халқына ғана тән әдет-ғұрып, дағды-машықтар ұлы дана Абайға жақын әрі түсінікті еді. Ол ережеге көп өзгертулер, түзетулер қосып, өңдеді. «Абай ережесі» қамтыған кейбір дәстүрлерде өзіндік ерекшеліктер мен жаңалықтар байқалды. Бұл Абайдың туған халқының мүддесі жолындағы күресте жеткізген тарихи жеңісі еді. Заң алдындағы жауапкершілік өмір талабына сай өзгертілген.



Адамның өз мүдделерін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі. Адам құқылары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи құқықтар дегеніміз — адамның тіршілік етуінен туындайтын (мысалы, өмір сүру, еркіндікке жету, жеке басына тиіспеушілік т. б.) құқылары. Әлеуметтік құқылар дегеніміз — адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын (мысалы, білім алуға, еңбек етуге, бақуатты өмір сүруге, азаматтық алуға, сот әділдігіне жүгінуге, еркін жүріп-тұруға, мүліктерді иеленуге) құқықтары. Адам құқықтарының қағидалары ұлттық деңгейде Конституцияда (Қазақстан Республткасының Конституциясы, 10-39 баптар) және заң актілерінде (мысалы, Азаматтық Кодексте, Қылмыстық Кодексте, жарлықтарда, арнаулы заңдарда) қарастырылады. Халықаралық деңгейде адам құқыларын қорғау, ең алдымен адам құқылары жөніндегі халықаралық билльде негізделген; оған адам құқыларының жалпыға бірдей Декларациясы (10.12.48), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқылар туралы пакт (12.12.66), Азаматтық және саяси құқылар туралы пакт (19.12.66), Азаматтық және саяси құқылар туралы пактіге факультативтік хаттама (19.12.66), Азаматтық және саяси құқылар туралы пактіге екінші факультативтік хаттама (19.12.66) енеді. Адам құқықтарының жекелеген аспектілері халықар. конвенцияларда көрініс тапқан. Олар адамның нақты құқыларын немесе кешенді құқыларын қорғауға: нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жоюға, адамды кепілдікте ұстауға қарсы күресуге, жәбірлеп, қинауға тыйым салуға, апартеидтік қылмыстардың жолын кесіп, ол үшін жаза белгілеуге, т.б. бағытталған. Адам құқыларын халықаралық деңгейде қорғап, қаделеу ісі Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ), Мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым (МБСЫҰ, яки, ЮНЕСКО), Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сияқты БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің практикалық іс-әрекеттерімен, халықаралық-құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Адамның қандай да бір игіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс- әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері АҚБ-на жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. Мысалы, Аристотель адам құқықтарын «табиғи» және «шартты» деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды.Орта ғасырда АҚБ жасаған қайырымдылықтар, рақымшылықтар ретінде түсіндірілді. Өндірістік қарым-қатынастардың қарқынды даму сатысында өмір сүрген либерализм өкілдері - Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. ойшылдар АҚБ-на баса назар аударды. Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жеке меншік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мүддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті.

Жүзеге асырылу ортасына қарай АҚБ азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени болып жіктеледі. Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі тұжырымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 ж., 10 желтоқсан) баяндалған. Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша: «1. Қазақстан Республикасында Конституңияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі; 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олар дан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-бап). АҚШ-тың 39-президенті Джимми Картердің «Америка адам құқығын жасаған жоқ. Шындығына келгенде, адам құқығы Американы жасап шықты» деген сөзі бар. Тарихи тәжірибеден туындаған бұл сөздің астарында үлкен шындық жатыр. Сондықтан Ата Заңымыз айқындап берген, ал Президенттің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы» деп басымдық берілген адам құқығы әрбір қазақстандықтың сана-сезімінде, іс-әрекетінде әрқашан бірінші орында тұруы қажет. Себебі адам құқығы қашаннан ең биік құндылық болып қала береді.

**Салтанат Бекова,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі**
**Құқықтану пәндерінің оқытушысы, магистр**

# ҰЛТ МҮДДЕСІН КӨЗДЕГЕН АЛАШ АРДАҚТЫСЫ



Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ әдебиетіне дамуына үлесін қосқан жазушы, драматург, аудармашы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі болған Алаш қайраткері. 1917-1919 жылдары Алаш партиясының көрнекті өкілдерінің бірі болған. 1919 жылы бірінші желтоқсанда Семейде кеңес өкіметі орнап, Губревком құрылған мезгілде көптеген қазақ жастары мен бірге мүше болады. 1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы сиезіне делагат болып қатысады. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы және журналистер бюросының хатшысы қызметтерін атқарды. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-1926 жылдары «Ақ жол» газетінде бөлім бастығы міндеттерін атқарды. Қазақ институтында жұмыс істеді (Ташкент қаласында), 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумның оқытушысы әрі директоры болды.

Осы қызметтерді атқара жүріп, алапат аштық қарсаңында ұлт жанашырлары күйзелген елге қол ұшын беру мақсатымен Семейде «Жанар» атты ұйым құрады. Ұйымның негізгі алдарына қойған мақсаты: қарапайым халыққа көмек көрсету, ұлт бостандығы жолындағы жастарды қамқорлыққа алып, білімге, саясатқа тарту болды. Халыққа қасірет әкелген алапат аштық тұсында Жүсіпбек Аймауытұлы осы ұйымда жұмыс жасаған серіктестеріммен бірге халыққа қол ұшын берді. Мәдени және рухани тұрғыдан, әлеуметтік жағына қолдау көрсетіп келді. 1930 жылдардың ойранына, НКВД-нің қанды шеңгеліне түскен қайран ер таланты кемелденіп, үлкен шығармашылық кезеңге бет бұрған шағында 1930 жылдың 21 сәуірінде Мәскеудегі Бутырька түрмесінде атылды.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан, жаһандық өзгерістер еліміздегі білім беру жүйесінде де жаңаша көзқарас, тың бағыттарды талап етуде, Қазіргі уақытта елімізде жаһандық қауымдастықтың дамыған елдер қатарына ену мақсаттарының алдына қойып отырған-қарқынды дамушы ел. Елдің әл-ауқаты, экономикалық жағдайы күн өткен сайын жақсаруда. Дегенмен біз өмір сүріп отырған ортамызда және біздің ортақ жер шарымыздағы дағдарысты жағдай кез келген саналы жанды толғандыратыны сөзсіз.

Еліміздің қолға алып жатқан бетбұрыстары халықымыздың рухани өрлеуі, болашақ ұрпақтың адами қасиеттерінің дамуына бағытталып отыр. Президент Қ.Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш партиясы азаматтарын толық ақтау жөніндегі бастамасымен, әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасында ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз армандарды ақиқатқа айналдырды.

Сондықтанда түтіні түзу, ертеңіне сенімі мол, өз ұрпағы бақытты, зайырлы қоғам орнатуда рухани-адамгершілік білім беру өте өзекті мәселе болып табылады. Болашық ұрпақты жоғары рухани жетелейтін, адамгершілік қасиеттерін жарқыраты, жандандыратын күш бұл білім екендігін ұмытпай, рухани-адамгершілік білім бағдарламасының заманауи білім беру жүйесіне ену-бұл заман талабы болып отыр.

Әр бір адамның рухани бастауларына жол сала отырып, оның ұлылықтың бір бөлшегі екенін, Ұлы Рухтың иесі екенін сезінетін азаматтарды тәрбиелеуіміз керек. Айналадағы барлық адамдармен әлеуметтік топтар арасындағы ұлтына, дініне қарамастан «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» - Абай атамыз айтқандай, ынтымақтастықта өмір сүргеніміз дұрыс. Әр бір азаматтың шексіз білімге тереңдей түсіп, сол арқылы ақиқатты танып, айналаны Риясыз сүйіспеншілікке бөлеп, шексіз мейіріммен қатыгездікке қарсы тұра біліуге, ойының, өз ісінің, сөзінің бірлігімен жан тыныштығына жетуге жол нұсқайды. Жүсіпбек Аймауытұлы атамыздың шығармалары мен өлеңдерін мұқият оқи отырып, өмірдің бізге қоятын сансыз сұрақтарына өзіміздің жауап іздеуімізге көмектесетіндігін байқамыз. Адам жалғыз қалғанда жаныңды аяздай суытатын, жүректі ауыртатын, көзіңнен шынайы жасты шығаратын, өкіндіретін, шабыттандыратын, шаттандыратын сұрақтар жауабын табуға болады. Осы сұрақтардың жауабы шексіз, мәңгілік білімнің арқасы, сол себепті білім шексіздігіне біз даналықтың құпиясын таныған ұстазымыздан іздейміз. Адам өзін-өзі танымай өзге жұртты тани алмайды. Тіл бұл адамның ішкі сырын-сыртқа шығаратын негізгі құрал. Ұлтымыздың тілім мен бақытын сақтап қалу жолында, тер төккен атамыздың ерен еңгегі зор.

Осы себепті де біздің өскелең ұрпағымызды тәрбиелеуде, ақын әрі жазушы, Алаш партиясының көрнекті өкілі болған, ұстазымызды ұмытпай, қазақ халықына жасаған ерліктерін ұмытпағанымыз жөн. Ұлтымыздың ұлы ұстаздары Төныкөк, Күлтегіннен бастау алып, Абай, Шәкәріммен негізі қаланып, Мағжан, Жүсіпбек аталарымыздан жалғасын тауып келе жатқан даналық ілімдер бүкіл адамзаттық сананы мұхиттың тереңіне бойлатып, шынайы ақиқатты тануымызбен бастау алмақ. Талай жылдар әділетсіздікпен көзін аша алмай жатқан сол қиыншлықтан шығу жолын іздеген аталарымыз бен ұлағатты ұстаздарымыздың жасаған ерлігіне мың алғыс білідіреміз.

Қазіргі халықтың рухани жаңаруына, жанымыздың тазаруына қызмет етіп, өзінің барлық қыметімен шығармашылығын бізге арнау етіп қалдырған атамыз Жүсіпбек Аймауытұлы. Атамыз әрі аудармашы өзінің ұзақ жылдар бойы жазықсыз жапа шеккен, қазақ халықының көрнекті қоғам қайраткері. Жазушылығымен қоса, қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдарының саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының оның ішінде, «Ақбілек» романының авторы болуымен дараланған тұлған.

Жүсіпбек Аймауытұлы өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт-бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында жарыққа шыққан, әдеби және қоғамдық «Абай» атты журналындың бас мақаласынан аңғартады. Онда атамыз «қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халықын өнер-білімге, оқуға, отырықшылық, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді,»-деп жазған болатын. Атамыз Абай ұсынған адамгершілік(-гуманистік) жолды өзінің тыныс-тіршілігінің өмірлік арқауы етіп алады. Осы журналдың 1919 жылғы 12-сынында жариялаған Ж.Аймаутұлы «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғылыми тұрғыдан терең баяндалған. Адамның жоғарғы рухани әлемінің ашылмауына, Ж.Аймауытұлының тәрбиенің дұрыс болмауын себепкер етеді. «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан.... адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтар жасауы, тәрбиенің дұрыс жатіспеушілігінен»-дейді.

Ол тәрбиенің екі түрлі болатындығын атап көрсетті: жан тәрбиесі және дене тәрбиесі. Жан тәрбиесінің маңыздылығын алдымен отбасы түсінуі керектігін баса айтты. Ж.Аймауытұлының балаға әсер ететін медресе және тәрбиеші деп санайды....«Кейде-деп жазды ол, белгісіз себептермен күшті ықпал ететін, әсер ететін жағдайлардың да болуы ықтимал. Ол замандастар (құрбы-құрдастары), туған ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі, хәм басқа да нәрселер» деп, тәрбие мәселесіне ықпал ететін факторларды тізбектеп талдайды. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп, атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, шындылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол әрине ата-ананың тәрбиесі. Баланың бойына басынан сіңген мінезді қайта түзету қиындық кетіреді. «Сүйекпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді, - деп автор бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің, ықпалын айқын ашып береді.

Бала ата-ананадан не үйренсе, ата-ана да баласы арқылы рухани өсуі керектігін алға тартады. Ол бала мінезін жас шыбықтай теңейді. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады. Ж.Аймауытұлының педагогика ғылым саласындағы жүйелі ой пікірлері оның 1924 жылы Орынборда басылған « Тәрбиеші жетекші» атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте Ж.Аймауытұлының «мұғалім айналысатыны-үнемі қозғалып, өзгеріп өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіспен шектеліп қалмауға болмайды.... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жанын табатын өнер...... »-деп оқыту, білім берудің де қасиетті өнер екендігін көрсетті. Баланың шыр етіп дүние есігін ашқанан бойында Ұлы Рухтың, Ар-Ұжданның, білімге деген құштарлықтың болатынын «білімге деген ынталанушылық пен қызығушылықтың, адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай ақ көздерін көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету, өнері-мұғалімнің бойына біткен қасиеті болу керек»-деген пікірі арқылы нақтылай келсек, ұстаздың өз бойында да осы қасиеттерді талап етеді.

Ж.Аймауытұлының адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келегіне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, мектептерде әуелі кескін мен әуез өнерін, оның ішінде сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттілігін баса айтады. Сонымен қатар Ж.Аймауытұлының адамның өз ұлтына ғана қызмет етуі-өзімшілідіктің бір көрінісі, халықтар тек өз ұлтының шеңберінде қалмауы тиіс, өмір өзі оған жол бермейді, ұлтшылдықтың өзі адамгершілікке жатпайды деген пікірлерін айтқан. Бұл пікірлер әр адам өз ұлтын жақсы көре отырып, басқаларды да өз ұлтындай, өз бауырындай сүйіспеншілікке бөлеудің маңыздылығын айқындай түседі. Ж.Аймауытұлының мол мұрасы, даналық ойлары сұрақтарына жауап іздеген әр адам үшін құнды. Даналар өздері кетсе де сөздері, халыққа жасаған жақсы істері, мейірімге толы ойлары адамзаттың ақиқатты іздеуі жолындағы шамшырағына тең. Рухани-адамгершілік білім бастаулары, рухани ұстазымыздың тағлымдарын зерттеп, саралап, өскелең ұрпаққа жеткізе білу кез-келген ұстаздың басты міндеті болмақ.

Алаштың танымал тұлғасы, қазақтың қара сөзінің құлжасы Ж.Аймауытұлының жарияланбаған оншақты әңгімесі мен қазіргі оқырманға мүлдем беймәлім болып келген елуден астам мақалалары мен жазған очерктері архивтерден табылып отыр. Қапастағы қараңғы қоймадан, шаң басқан архивтен шиырлап іздеп олжа салған, сәуле түсіріп, осы інжу-маржандарды қайыра қалың жұртқа ұсынып отырған дарынды ақын, әдебиеттанушы ғылым, Жүсекең мұрасын зерттеуші Нұржан Қуантайұлының бұл шығармалары оның «Ғылым» баспасынан жарық көрген 5 томдық толық жинағына да енбегендігін, екінші рет еш қайда жарияланбағандығын айта кеткеніміз жөн деп санаймыз. «Елеусіз ерлер» атты әңгімесі 1920 жылдары Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің қосымшасы - «Сәуле» әдеби журналының 1924 жылғы қараша айындағы 6 санында жарық көрген екен. Әңгімені арапшадан қазіргі қаріпке түсіріп ұсынған филология ғылымдарының кандидаты Нұржан Қуантайұлы екенін еске саламыз.

Жүсіпбек Аймауытұлының ұлттық сөз өнерінің әр алуан саласында ерен еңбек еткен. Оның қаламынан туған, әсіресе ақындық әлемін танытатын «Сарыарқаның сәлемі», «Көшу», «Нұр күйі» өлеңдері бар. Кемел прозашыл «Әнші», «Елесі», «Жол үстінде», «Қарабақсы» әңгімелері, «Күнекейдің жазығы», «Ақбілек» романдары, драмалық жолда жазылған: «Сылаң қыз», «Мансарқорлар»,«Рабиға», «Ел қорған», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз», ал айтулы аудармашылық қызметінде, «Сараң сері»,«Тас мейман»,«Бақылаушы»,«Бейшаралар», «Дәмелі», «Тау еліндегі оқиға» тақырыптарында орыс ақын жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Сындарды сыншылығы жолында, «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы»,«Аударма туралы»,«Сұқар жыры», адам жаны жүйесінің білікті білгір екендігін - «Тәрбиеге жетекші»,« Психология», «Косплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» және басқада ғылыми еңбектері табиғи талант қырларын жан-жақты жарқырата көрсетті. Балаларға арналған «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шалмен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер қарпайым мәтін мен көркем суреттің табиғи тұтастығы мен үндескен үлесін бізге терең танытты. Ең маңыздысы, бұл еңбектердің де рухани-тәлімдік қырлары мәнді болып келетіндігін біз кең ауқымды жұмыстарды атқару барсында зерттеп келеміз.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент өңірлік комиссиясының Жұмыс тобының жетекшісі, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнар Жанысбекова және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры, тарихы ғылымдарының докторы, профессор Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлымен бірге, тарихи құжаттарды анықтап, зерттеп, республикалық және облыстық мұражайларда байланыстар орнатып келеміз. Сол заманғы кеңестік саясаттың кесірінен елімізге өзінің мол мұрасын қалдырып, қазақ әдебиеті мен тарихына өшпестей із қалдырған зиялы қауым өкілдерінің еңбектерін зерттеу біз үшін басты құндылықтың бірі болып отыр.













**Н.Досыбай,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі**
**Қазақстан тарихы пәні оқытушысы,**
**саясаттанушы магистр үздігі**

Тұлға AUEZOV UNIVERSITY 1943 Университет №59 (224), қараша, 2024 ж. 

130 лет
со дня рождения



# ТУРАР РЫСКУЛОВ: о государственной деятельности в финансовом комитете

Общественно-политическая и государственная деятельность Турара Рыскулова (1894-1938гг.), является одной из ярких в истории Казахстана и Центральной Азии.

Турар Рыскулов родился 26 декабря 1894 года в Восточно-талгарской волости Верненского уезда Семиреченской области (ныне Алматы) в семье табунщика Рыскула Жылкайдарова. В 1903 году Рыскул, как знаток местных краев, сопровождал действительного члена Императорского Русского Географического общества С.Д. Дмитриева во время его экспедиции по Заилийскому Алатау высшая точка (Пик Талгара - впоследствии дано название «ледник Рыскула»). Позднее жандармерия, обвиненная в убийстве местного бая Рыскула, 1904 году переселяет его и его семью, включая 10-летнего Турара, в поселок Бесағаш, затем Бұрындай. Рыскулу разрешили взять сына с собой в Верненскую тюрьму, где Турар занимался хозяйством и доставлял детей начальника тюрьмы Приходько в гимназию. 28.07.1906 Рыскул был сослан в Сибирь, по маршруту Копальск-Аягуз-Семипалатинск пешим ходом, об этих суровых событиях повествует и произведение М.Ауэзова «Выстрел на перевале Караш-Караш», а также отразились в произведениях писателей Т.Нуртазина и Ш. Муртаза.

Турар Рыскулов с малых лет, приниженный баями и пришлыми кулаками, рано повзрослел. Поэтому несложно понять, что борьба против национального и социального угнетения становится делом его всей жизни. После ссылки отца родственники Турара, проживавшие в Мерке Аулиеатинского уезда, забирают его к себе и обучают в местной школе, имущество отца и скот были отобраны баями. Турар становится курьером у следователя А.П.Семашко. После Меркенской школы в 1914 году Турар успешно закончил сельскохозяйственное училище Бишкека по специальности «Садоводство». В Самару он не смог поступить. В 1915 году, когда Турар находился в Тулькубасе у родственников, шло строительство Арысско-Аулиатинского участка Семиреченской железной дороги под руководством инженера М.Тынышпаева. Турар далее обучался заочно в Ташкентской мужской гимназии, был вольнослушателем 2-го разряда.

В 1916 году Турара арестовали за активное участие в антиколониальной акции. Но из-за недостатка улик он был освобожден и поступил в Ташкентский учительский институт. Директор даже после письменного прошения выделил Турару 70 рублей на «одежду, калоши, одеяло, нижнее белье, учебные пособия».

В 1917 году произошло столкновение с русскими мужиками, причиной которого явилась так называемая выплата 500 тыс. рублей за угон скота и уничтожение посевов. Т. Рыскулов смог противостоять незаконным обвинениям к казахскому населению. Позднее большевиками в регионе был создан Туркестанский краевой центральный совет казахов-киргизов, во главе с Е. Касымовым И М. Шокаем, секретарем которого стал Т. Рыскулов.

Революционные движения, начавшиеся в ходе 1917 года, голод бедного населения и раскол на эсеров (социалистов-революционеров) и РСДРП (большевиков) привели Турара к вступлению в партию большевиков в 1918 году. 21.04.1918 года состоялся Первый съезд аулиатинских казахов, на котором обсуждались вопросы голода населения, борьбы с инфекционными заболеваниями, взаимоотношений между казахским и русским населением и выборов депутатов казахов в состав уездного совета. Позднее Турар Рыскулов стал председателем Аулиеатинского уездного совета. На тот период, так как крестьяне северных областей зависели от нехватки хлопковой продукции, Туркестанский край из-за своего благоприятного климатического условия был выбран в качестве выращивания хлопка.

28. 11. 1918 г. Т. Рыскулов образовывает Центральную комиссию по борьбе с голодом. Были открыты 1200 пунктов общественного питания, детские дома и противоинфекционные лечебницы, а к весне 1919 года голод уменьшился, спасено более 1 млн. человек. С момента развития в южном регионе взаимоотношений с духовенством Туркестана и Средней Азии еще до революционного периода Тураром Рыскуловым была проведена попытка организации мусульманских коммунистов и создания партии среди 11-тысячной молодежи, а затем сближения с большевиками.

В апреле 1919 года внутри Компартии Туркестана создается отдельное Мусульманское бюро, которое объединило тюрко-мусульманские народы. Мусульманское бюро готовило государственных, и партийных работников, научную и творческую интеллигенцию, управленцев-хозяйственников, специалистов военного дела из коренного населения. Проведена ликвидация безграмотности, открыта сеть культурно-просветительных учреждений, организовано печатное дело на казахском языке.

21.01. 1920 года Турар Рыскулов избирается председателем ЦИК Советов Туркестана, руководит подготовкой и принятием законодательных актов и постановлений, решением административно-организационных и бюджетно-финансовых вопросов, здравоохранению, образованию и просвещению, культуре и искусству, параллельно оказывая помощь казахским и киргизским беженцам 1916 года в реэвакуации из Китая.

Турар Рыскулов совместно с А. Байтурсыновым открыто говорил о своем несогласии с проводимой политикой ЦК РКП в Туркестане, направив письмо о национальном вопросе В.И. (Ульянову) Ленину.

5 сентября 1920 года на обширном съезде Турар Рыскулов выступает с речью о критике политики большевистской России к народам Востока. 23 члена пишут письменное обращение на имя В.И.Ленина о пересмотре программы развития в направлении мусульман.

14.10. 1920 года Политбюро ЦК РКП назначает Турара Рыскулова на должность заместителя народного комиссара И.В. Сталина. В 1921 году за критику, названную им «красным империализмом» в отношении тюркских народов Турар был отправлен в Баку, где он заболел. В дальнейшем освободившись, Турар проводит ревизию института Востоковедения по зачислению студентов 1922-1923 гг.. Он также оказывает помощь в издании книг ученых-казахов, среди которых долгое время в типографии работал А.Букейханов.

Сентябрь 1922 года, в 28 лет Оргбюро ЦК РКП, Турара назначает председателем Совета народных комиссаров Туркестанской республики. Проблемы в сельском хозяйстве накопившиеся за годы революции требовали восстановления и нового развития, особенно капитальная реконструкция ирригационных систем, выращивание и рост поголовья племенного животноводства, налаживание пастбищ, сенокосных угодий, торговли кожей и шерстью. В 1922 году, с целью развития казахской культуры в Ташкенте, им инициировано открытие общества «Талап», где работали ученые Х.Досмухамедов, М.Ауезов, М.Есполов, М.Тынышпаев, К.Тыныстанов.

В 1923 году в Ташкенте была организована и проведена 1-я экономическая конференция среднеазиатских республик. Принят план ликвидации безграмотности населения до 1 мая 1924 года. Турар работает в архивах Ташкента и Москвы для своей монографии, посвященной национально-освободительному движению 1916 года, а также в Монголии. Под его предложением столице дано имя Улан-Батор.



В 1925 году в своем сборнике «Революция и коренное население Туркестана» он отмечает роль и вклад тюркских народов в победу коммунизма, знакомит с уставом и программой организации «Бухара», «Революционный союз казахской молодежи» и становится главным редактором газеты «Еңбекші қазақ».

В 1926 году Турар назначается заместителем председателя Совета народных комиссаров РСФСР и работает в этой должности вплоть до 21.05. 1937 года.

В 1926-1930 гг., Турар Рыскулов содействует строительству Туркестано-Сибирской Казахской железной дороги, формируются кадры рабочих-инженеров из числа казахов.



В 1932-1933 годах из-за политики Ф.Голощекина Турар Рыскулов, проявив героизм раскритиковал политику индустриализации и насильственной коллективизации, обратившись к И.В. Сталину.

Но в 1936-1937 годах арест Бухарина и Рыкова привел и к аресту многих политических деятелей и сподвижников идеи демократии и равенства, в том числе арестовав также и Турара Рыскулова.

21 мая 1937 года Турар Рыскулов был арестован в Кисловодске. Восемь месяцев тюремного заключения и следствия привели к обвинению его «врагом народа». По решению суда во главе с В. Ульрихом, заседание которого длилось всего 15 минут.

10 февраля 1938 года Турар Рыскулов по четвертому пункту 58-й статьи Уголовного кодекса был расстрелян. Его жена, Азиза Тубековна, была заключена в тюрьму 30 июня 1937 года и родила Риду Тураровну. Сын Ескендир был освобожден по состоянию здоровья и похоронен в Москве в 1939 году.

Турар Рыскулов был реабилитирован только в 1956 году.

На протяжении 20 лет, находясь на государственной службе, Турар Рыскулов стремился содействовать росту тюрко-мусульманских деятелей. Он приложил немало усилий к освобождению казахских ученых из тюрьм, включая А.Букейханова из Каркаралинской тюрьмы в 1922 году и создавал условия для обучения и научно-творческой деятельности талантливой казахской молодежи в ведущих вузах России и СССР.

12 декабря 2019 года ЮКГУ им.М.Ауезова в г. Шымкент отметил 125-летие со дня рождения Турара Рыскулова и провел международную научную конференцию «Незабвенные великие личности казахской нации», посвященную одному из основоположников идеи Независимости Казахстана, внесшему неоценимый вклад в социально-экономическое развитие страны, сохранение духовного единства и возрождение культуры тюркских народов - Турару Рыскулову. Были подняты основные вопросы об общественно-политической и государственной деятельности Т.Рыскулова, индустриальном и социально-экономическом и развитии Казахстана: история и современность; исследования Тюркского мира: культурно-историческое наследие Евразии глазами Турара Рыскулова; роль и значение формирования и развития ценностей Тюркского мира; борьба за независимость во взглядах казахской интеллигенции XX века и важность политического развития Туркестана; новые направления и стимулирование качественных научных исследований в целом Казахстана и Центральной Азии.

Участие приняли потомки Турара Рыскулова, среди которых Рыскулов Владимир Владимирович (г. Москва), Рыскулова Адель (Алматы), Муратали Толепбергенулы (с. Турара Рыскулова, Тулькубасский район). Особое внимание к проведению научной конференции оказали государственные деятели, научные сотрудники НИИ вузов республики и молодые ученые, представители республиканских общественных фондов, фонд имени «Шерхана Муртаза» и республиканский научный журнал «QAZAQTANÝ».

Легендарная личность Турара Рыскулова укрепилась в памяти тюркских народов как один из выдающихся сынов казахского народа, боровшегося за демократическое и независимое развитие народа и наций в целом. Он стал самоотверженным героем своего времени, первым представителем тюркских народов, поднявшимся до высокого звания государственного деятеля - заместителя председателя Совета народных комиссаров РСФСР. Рвскулов непосредственно участвовал в борьбе с ликвидацией голода и безграмотности населения, в развитии образования и науки молодежи, создании центров индустрии, промышленности и сельского хозяйства, в логистике, профессиональном росте рабочих кадров и процветании городской культуры регионов Казахстана.

26 декабря 2024 года исполняется 130 лет со дня рождения выдающейся личности - Турара Рыскулова. Его общественно-политическая и государственная деятельность остается в памяти и истории казахского народа как одна из ярких страниц истории Казахстана и всего Тюркского мира.

Одна из интересных страниц в жизнедеятельности Турара Рыскулова - это работа в финансовом комитете при Совете народных комиссаров Туркестанской автономной советской социалистической республики в период с декабря 1922 года по декабрь 1923 года. За время своей работы комитет действительно играл важную роль в регулировании расходов средств из резервного фонда СНК Туркестанской АССР на нужды народного хозяйства, установлении размеров и сроков выплаты заработанной платы, а также в выделении средств на поддержку культурно-просветительских, образовательных и других государственных учреждений, произведение контроля за выполнением финансовых обязательств профильных ведомств, определение

сумм и размеров так называемых ассигнований государственным фондам.

В 2023 году тураровед Ордалы Коныратбаев выпустил сборник - документов и материалов «Протоколы Финансового комитета при Совете Народных Комиссаров Туркестнской Республики», где подробно приведены свыше 79 архивных документов, освещающих деятельность СНК Туркестанской АССР в период с 18 декабря 1922 - по 30 декабря 1923 года. В сборник вошли приказы, расписания работ, отрывки из журнала заседаний Комиссии и Финансового комитета, журнал заседания по распределению остатка Резервного фонда для урегулирования финансового плана, письма членов комитета, постановления и проекты по распределению кредитов на зарплату, содержание местных комитетов и социального страхования необъединенным наркоматам на сентябрь 1923 года.

В состав комиссии по приказу №240 от 18 декабря 1922 года в г. Ташкент вошли Троцкий Б.И. - уполномоченный наркома продовольствия РСФСР в Туркестане; Иевлев – уполномоченный наркомфина РСФСР в Средней Азии; Хамутханов Г. - узбекский советский государственный деятель, позднее член пленума Туркестанского краевого совета профсоюзов; Черданцев Г.Н. - заместитель Председателя Госплана ТАССР. Комиссию возглавил Председатель СНК Туркестанской Республики и Финансового Комитета Т.Рыскулов, заместителем председателя был назначен Маевский.

Изучаемые документы осветили работу всего направления поступления денежных средств в бюджет ТАССР, в котором отмечены Сырдарьинская, Ферганская, Самаркандская, Джетысуйская, Туркменская и Амударьинская области. Многие денежные средства по ассигнованию и содержанию поступали от реализации пшеницы через «Хлебный фонд» и хозяйственными органами ТАССР местного бюджета: «Хлопкового комитета, нефтесиндиката, управления водного хозяйства, народного комитета земли, центра сельского народного хозяйства, внешней торговли, народного комитета продовольствия, шелковой промышленности и управления рыбной промышленности».

В списке выделяемых денежных средств на развитие были ниже приведены следующие отрасли:

- поддержка органов печати «на издание газет и журналов на местных языках», газета «Студенческая мысль», субсидия газете «Туркестан», ежемесячное пособие журналам «Инкилаб», «Чолпан», «Туркмен-Или», с марта 1923 года газете «Туркестанская правда», ассигнования военно-редакционного совета ПУР для редакции газеты «Красная звезда» в порядке шефства по резерву СНК, «на издание сборника Туркестановедения», издание «Экономического обозрения», «издание геологической карты Туркестана»;

- средства на вооружение, войскам ГПУ, на «нужды военных инвалидов», «приобретение обмундирования и продовольствия для администрации состава мест заключения НКВД», «содержание милиции», «расходы по подвозке фуража и продовольствия на позиции действующих частей», «оборудование и содержание питомника собак-ищейок»;

- ассигнования «для выдачи пособия отъезжающим в Центр студентам закрытого Технического факультета Туркестанского государственного университета», открытого в 1920 году по решению декрета СНК РСФСР, подписанного В.И.Лениным, а в 1923 году преобразованного в Среднеазиатский (САГУ, ныне Национальный университет Узбекистана им.М.Улугбека), «ремонт Сырдарьинской областной партийной школы», «авторские гонорары», поддержка писателей, «снабжение туркестанских студентов в Москве», ассигнования с 20.03.1923 г., «Инпрос» - Институт просвещения, отправка на родину учащихся Туркменского и Туземно-Еврейского инпроса во время каникул, «смета на оборудование Антропологической лаборатории на 4,645 рублей», «Мусульманского профессионального техникума», «расходы по обеспечению студентов 2,3,4 курсов ТГУ на сельскохозяйственную выставку», «единовременное пособие учащимся, командируемым в Баку для поступления в семинарию», расходы по «изданию юбилейного сборника ТГУ, премировании Правления ТГУ», поддержка открытия в г.Алма-Ате «сметы Наркомпроса на Алма-Атинский институт просвещения» (Казахский государственный педагогический университет им. Абая);

- медицине и научным сотрудникам «врачу А.Досжановой - на оборудование кабинета», клиникам мед. факультета ТГУ, «содержание лечебных заведений г. Ташкент», «израсходования С.Асфендиярова на операционные нужды» возможно по научному исследованию, «выделение пособия и зачисления стипендии О.Джандосову для продолжения обучения в ВУЗе», «пособие на лечение ответственному секретарю Г.Муратбаеву», организатору комсомола Средней Азии и Казахстана, выделение средств «на обмундирование и оборудование институтов просвещения, издание и приобретение учебников для коренного населения из Государственного издательства - Мусульманскому проф. техникуму, Каревой мусульманской фельдшерской школе, Киргизскому, Туркменскому, Туземно-еврейскому, узбекскому мужскому и женскому институту просвещения», «члену редакции «Акжол» Османову С.С. оплата за перевод на киргизский, т.е. казахский язык отчетов СНК и ТЭСа», «Турсунходжаеву С. на командирование по урегулированию водного размежевания с Персией, расходов», «назначении единовременной стипендии Ходжаеву Н. как старому революционному борцу в число лиц, обеспечиваемых постановлением ТурЦИКа ко дню пятилетия образования Красной Армии», поддержка работы «санатория Чимган» в сумме 898 519 руб., «содержание солнечно-лечебницы при Институте физических методов лечения»;

- содержание «бесприютных детей и больных, детских реформаториумов», «обследование народного образования и вакуфов», «трехмесячные курсы по переподготовке учащихся»;

- реорганизации «военных артелей в кооперативные начальные хозяйства», «содержание постоянной Экономическо-промышленной выставки», при ухудшившемся состоянии в послевоенный период «отказ в вывозе хлеба из Джетысу и предложение Наркомпроду СССР выйти из дефицита за счет своих средств». Впоследствии этот вопрос стал острым в деятельности Т.Рыскулова, «по подготовке Семиреченской железной дороги», «выдачи кредитов для крестьян-ходоков» (сезонных рабочих, которые вновь уезжали на свою землю);

-19.04.1923 год помощь в «реэвакуации киргиз-беженцев из Китая в Джетысу, обеспечения хлебом на месяц, командировка врача Фрунзе К.В.для лечения беженцев», «отпуск средств Ферганскому областному ревкому на содержание малярийных станций в г.Коканд, Маргелан, борьба с последствиями голода и питанием голодающих», содержание «от Туркестанского почтово-телеграфного округа на содержание мусульманских почтово-телеграфных школ в Самарканде, их работников в количестве 50 человек», помощи «в домообзаводстве выселенцев села Подгоного Чимкентского уезда»;

- план и строгий порядок расходования денежных средств от реализации Хлебного фонда, соблюдение основных правил и законов, установленных государством в отношении выполнения сметного порядка, привлечение к ответственности, учет и печатание бланков подворно-денежного налога, приобретение 2 пишущих машинок для Верховного Трибунала, оборудование архивов в г.Ташкент для заключенных,

- «борьба с басмачеством в Туркменской области», содержание «межреспубликанской комиссии по урегулированию отношений между киргизами и иомудами (крупная этническая группа туркмен, Балканского велаята Туркменистана) в Туркменской области, содержание отряда для борьбы с бандитизмом в Тедженском уезде Туркменской области, помощь Туркменскому облисполкому пострадавшим от киргизско-туркменского столкновения в Красноводском уезде из родов «Бехельке», «Каррови-куллок», «Бага» и других родов.

Таким образом, деятельность финансового комитета несла в себе огромную социально-экономическую, политическую и общественно-культурную значимость, которая через все средства своей работы обеспечивала организационную и координирующую часть всего финансового снабжения и распоряжения денежными средствами в Туркестанской АССР. Из протоколов особенно четко выявляются поддержка социальных пакетов населению, поддержка науки, медицины и образования, детей и молодежи, средств массовой информации, строгий контроль за распределением продовольствия, развитие дипломатических отношений, урегулирование межнациональных конфликтов, регламентация внутреннего порядка посредством усиления органов безопасности.

Деятельность Турара Рыскулова по экономическому росту региона, его достижения на всесоюзном уровне заметны даже исходя из работы всего одного года из всей его 20-летней государственной службы. Особенно значимым является рост интеллектуального потенциала Туркестанской АССР.



**ТОРГАУТОВА ШОЛПАН АШИРАЛИЕВНА**
**докторант специальности 8D01601 - «Подготовка педагога истории», ЮКПУ им.О.Жанибекова, начальник Научного центра «История и этнология» ЮКУ им.М.Ауэзова**



# ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІ АТАП ӨТУДІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке және 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке болып белгіленетін өзгерістер енгізілген болатын.




Бұл өзгерістің бастауы 2022 жылдың маусымында Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды және тәуелсіздік күнін мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізу ұсынысымен бастау алған болатын.

«Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек»,-деген болатын Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында.

Ұлттық және мемлекеттік мерекенің айырмашылығына келсек, Ұлттық мереке – Қазақстан мемлекетінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстанда белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді атап өту кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі. Мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстанның азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан басталады. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын.

Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Құжат бойынша президент республиканың басшысы болып табылады және жоғары әкімшілік-атқарушы билікке ие.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет «ұлттық мереке» болып жарияланды. Алайда 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, «мемлекеттік мереке» санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды.

Осылайша он үш жылдан астам уақыт бойы 25 қазан – Республика күні тойланған жоқ.

Бірақ, Тоқаевтың бастамасы халықтың қолдауына ие болды. Сөйтіп былтыр Қазақстан халқы ұзақ жылдар бойы атаусыз қалған Республика күнін алғаш рет дүркіретіп атап өтті.

«Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам»,-деді былтыр президент Республика күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында.

Айта кетері, заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, Республика күні – елдегі жалғыз ұлттық мейрам. Республика сөзі латын тілінде «ортақ іс»-деген мағына береді.

Әлемге көз салсақ республика күнін тойлайтын елдер қатары жетіп артылады. Мәселен, 1 қазанда Қытай Халық Республикасы өзін Республика деп жариялады. Сол мемлекеттік мереке Қытайда ең жоғарғы мереке болып саналады. Италия мемлекеті де Республика күнін дүбірлетіп тойлауға құмар халық. Посткеңестік мемлекеттердің біразы ресми декларациялары қабылданған күнді Республика күні ретінде атап өтеді. Оның ішінде Әзербайжан мемлекеті де бар. Ал бауырлас Түркия мемлекеті Республика күнін біз секілді қазан айында атап өтеді. Себебі 1923 жылы 29 қазан күні елдің тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік ел конституциясына өзгерістер енгізіп, Түркия Республикасы деп жариялаған. Анадолы жерінің бас мерекесі жыл сайын сән-салтанатпен тойланады. Республика күні елдің әрбір үйінде, мектептер мен емхана, дүкендерге мемлекеттік ту ілінеді. Осылайша, түрік халқы бұл күнді қастерлеп, үлкен той-думанмен атап өтеді.

Тәуелсіздік қай елдің болмасын басты игілігі. Баға жетпес құндылығы да сол! Ендеше біздің де тәуелсіздігіміз баянды болу үшін оны бастауы – Республика күні де ерекше маңызға ие болуы шарт. Әрине, алдымен оны жастарымыз ұғынуы керек.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ және колледжінің оқытушылары:**
**А.Б.Мусирова, Қ.С Бозшагулова., М.Ж Маликова.**

Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

Редакциялық кеңес:
**Бесбаев Ғани Әбзелбекұлы - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.**
**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор**

**Медиа қызметі орталығының басшысы:** Керімқұлова Айгүл Керімбайқызы
**Дизайнер:** Заббарова Наиля Ринатовна
Редакция мекенжайы: **Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,** gazeta@auezov.edu.kz